

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Отчет о научно-исследовательской работе «Разработка проекта охранной зоны памятника истории и культуры», «Городище Кызылкала, урочище Акмыш» Мангистауского района, Мангистауской области // Научный руководитель - Захаров С.В. Алматы 2017.
2. «Қызылқаланың археологиялық ескерткіштерін зерттеу» жобасы бойынша 2008 жылы жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары туралы есеп // Жоба жетекшісі - М.Елеуов. Алматы 2008.
3. Ақылбеков С.А., Маңғыстаудың ежелгі қалалары. Зерттеуші - Исследователь. 2014.
4. Калменов М.Д. Средневековые памятники Устюрта и Мангистау на караванных путях. Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XVI. - Алматы: Институт археологии имени А.Х. Маргулана, 2023. - 168 с.
5. Қондыбай С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. 2007

## ПАВЛОДАР (КЕРЕКУ) ӨНІРІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Несіпбек Ю.С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті.

Электрондық адресі: yusufsakenuly@gmail.com

Астана қ.

Андатпа. Бұл мақала Павлодар қаласы мен облысының топонимикалық жер-су ономастикасын, оның сөзжасамдық және тарихи-мәдени астарларын зерттеуге арналған. Павлодар өңірінің жер-су атаулары ономастика ғылымының лексика саласындағы сөзжасамның өнімді қызметін анық көрсету үшін пайдаланылған. Зерттеуде топонимдерді талдаудың негізгі әдістері ретінде лексика-семантикалық классификация, синтетикалық және аналитикалық тәсілдері қолданылған. Топонимдерді семантикалық тұрғыдан екі үлкен типте қарастыруға болады: жаратылысқа қатысты және адамдардың іс-әрекетіне, тұрмысына қатысты атаулар. Мысалы, *Қыраш* сияқты оронимдер *қыр* сөзіне кішірейткіш жұрнақ қосылу арқылы "шағын, аласа ғана қыр" деген мағына тудырады. Зерттеулерде Павлодар топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары Қ.Т. Сапаровтың еңбектері негізінде талданды.

Мақалада Павлодардың тарихи атауы - Кереку екені, бұл атаудың түп-төркінін Қимақ дәуірінен іздеуге болатыны айтылған. Алайда, қалаға 1861 жылы нәресте князь Павелдің құрметіне Павлодар атауы берілуі отаршылдық саясаттың белгісі болды. Қазіргі Павлодар облысы аумағында Ленин, Совет, Октябрьское, Красноармейка сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген және діни көзқарастарға байланысты атаулар көптеп кездеседі. Бұл атауларды тарихи жер-су атауларымен немесе ұлттық танымға жақын Атамекен, Азаттық сияқты дәстүрлі атаулармен ауыстыру ұлттық сананы жаңғырту және патриотизмді нығайту үшін аса маңызды міндет болып табылады.

Кілт сөздер : Топонимика, ономастика, Павлодар, Кереку, жер-су атаулары, сөзжасам, гидронимдер, оронимдер, ұлттық сана.

Аннотация. В статье рассматриваются топонимические названия Павлодарского города и области, их словообразовательные, историко-культурные аспекты. Топонимы Павлодарского региона используются для того, чтобы наглядно показать продуктивную роль словообразования в лексике ономастики. В исследовании применены основные методы анализа топонимов: лексико-семантическая классификация, синтетический и аналитический подходы. Семантически топонимы можно рассматривать в двух крупных типтере: названия, связанные с табиғи орта, и названия, отражающие человеческую деятельность и быт. Например, такие оронимы, как *Қыраш*, образуются путём присоединения уменьшительного суффикса к слову *қыр* и выражают значение «небольшой, невысокий холм». При рассмотрении геоэкологических предпосылок формирования павлодарских топонимов опирались на труды К.Т. Сапарова.

В статье отмечено, что историческое название Павлодара - Кереку, и истоки этого этнонима восходят к эпохе Кимаков. Однако присвоение городу в 1861 году названия Павлодар в честь младенца-князя Павла стало проявлением колониальной политики. На территории нынешней Павлодарской области до сих пор встречается множество идеологически устаревших и религиозно окрашенных названий, таких как Ленин, Совет, Октябрьское, Красноармейка. Замена таких топонимов историческими наименованиями или традиционными, близкими национальному мировоззрению -

например, Атамекен, Азаттық, - рассматривается как маңызды шаг в возрождении национального сознания и укреплении патриотизма.

Ключевые слова: топонимика, ономастика, Павлодар, Кереку, географические названия, словообразование, гидронимы, оронимы, национальное сознание.

Abstract. This article examines the toponymic place names of the city and region of Pavlodar, along with their word-formation, historical, and cultural dimensions. The place names of the Pavlodar region are used to demonstrate the productive role of word formation within the lexical domain of onomastics. The study employs the main methods of toponym analysis, including lexico-semantic classification as well as synthetic and analytical approaches. Semantically, toponyms can be viewed in two broad categories: names related to natural features and names associated with human activity and everyday life. For example, oronyms such as *Qyrash* are formed by adding a diminutive suffix to the word *qyr* ("ridge, hill"), yielding the meaning "a small, low hill." The geo-ecological background of the formation of Pavlodar toponyms is analyzed on the basis of works by K.T. Saparov.

The article notes that the historical name of Pavlodar is *Kereku*, and that the origins of this name can be traced back to the period of the Kimak Khaganate. However, the renaming of the city in 1861 as Pavlodar, in honor of the infant Prince Pavel, reflected the colonial policy of the time. Many ideologically outdated or religiously motivated names-such as Lenin, Sovet, Oktyabrskoe, and Krasnoarmeika-remain within the current territory of Pavlodar Region. Replacing such names with historical toponyms or with traditional names aligned with national identity, such as *Atameken* or *Azattyk*, is viewed as an important step toward revitalizing national consciousness and strengthening patriotism.

Keywords: toponymy, onomastics, Pavlodar, Kereku, place names, word formation, hydronyms, oronyms, national consciousness.

Кіріспе

Топонимика - бұл ономастиканың (жалқы есімдерді зерттейтін тіл білімінің саласы) негізгі тармақтарының бірі, ол кез келген халықтың тарихи, мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерін айғақтайтын ұлы рухани мұрасы болып табылады. Өйткені термин жасау - бірінші кезекте, шығармашылық іс, екінші кезекте ол ғылыми мәселе. Сондықтан да ғылыми терминдерге «қолдануға қолайлы, түсінуге жеңіл, уәжді, жүйелі болуы шарт» деген талап қойылады. Сонда ғана терминдер халық түсіне алатын, халық игілігіне жарайтын тілдік бірліктер болып табылады [4, 12 б.].

Тіл - адамзат тарихының қоймасы тәрізді, ал жер-су атаулары - бізге беймәлім арғы ата-бабаларымыздың тілінде өрнектелген ежелгі атаулардың бүгінгі тілдік айналымда болып, қоғам қажетін өтеуінің өзі феномендік фактісі. Шығыстың кеменгер ойшылы Конфуций кезінде мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды атауларды дұрыстаудан бастау керектігін айтқан. Бұл тұрғыда, Павлодар қаласы мен облысының топонимикалық кеңістігін зерттеудің өзектілігі отаршылдық және тоталитарлық дәуірлерден қалған атауларды жаңғырту және ұлттық мүдделерді басымдықпен алға шығару міндетімен анықталады.

Зерттеу нысаны - Павлодар өңірінің жер-су атаулары, олардың қалыптасуы, құрылымы және мағыналық жүйесі. Павлодар облысы - Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысында, Ертіс өзенінің орталық алабында орналасқан ірі аймақ. Қаланың тарихи атауы - Кереку, оның түп-төркіні Қимақ дәуірінен (IX-X ғ.ғ.) бастау алуы мүмкін. Алайда, қалаға 1861 жылы мәртебе берілгенде, оған нәресте князь Павелдің құрметіне Павлодар атауы берілді, бұл - отаршылдық саясаттың айқын белгісі. Зерттеушілердің пікірінше, жаулаушылар мен отаршылар жергілікті атауларды дұрыс айтуға тілі келмегендіктен немесе жерді өздеріне меншіктеп алуды көздегендіктен өзгертіп жіберген.

Кеңестік кезеңдегі идеологиялық қысым ономастикалық кеңістікке терең із қалдырып, орыстанған атаулар басымдыққа айналды. Павлодар облысы бойынша Ленин, Совет, Октябрь кездеседі. Бұған Романовтар әулетіне байланысты *Николаевка*, *Алексеевка*, *Ольгина* сияқты патша үкіметінің белгісін білдіретін топонимдер қосылады. Сондықтан, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық ономастиканың көкжиегі кеңейіп, бұл идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулардан арылу басты мақсатқа айналды.

Бұл мақалада ономастикалық материалдарды зерттеудің негізгі әдістемелік базасы ретінде лексика-семантикалық классификация және сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдері қолданылады [3, 22 б.]. Зерттеуге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Қ.Т. Сапаров, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры Б. Сағындықұлы, және Торайғыров университетінің профессоры А.Ж. Құдабаев сынды ғалымдардың еңбектері негіз болды. Олардың зерттеулерінде топонимдердің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары мен кеңістікте таралу заңдылықтары талданған.

Мақаланың негізгі мақсаты - Павлодар өңірінің жер-су ономастикасын талдай отырып, идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулардан толық арылу және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атауларды (*Сарыарқа, Бәйтерек, Азаттық, Атамекен*) орнықтырудың мемлекеттік маңызы бар көкейкесті мәселе екенін дәлелдеу. Бұл - ұлттық кодты сақтап, рухани болмысты жаңғырту жолындағы маңызды қадам [2, 14 б.].

Павлодар өңірінің жер-су атаулары ономастика ғылымының лексика саласындағы сөзжасамның өнімді қызметін анық көрсету үшін пайдаландық. Бұл атауларды зерттеуде қолданылған негізгі әдіс-тәсілдерге лексика-семантикалық классификация синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік) және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы сөзжасамды талдау жасадық. Павлодар өңіріндегі топонимдерді зерттеуде В.Н. Попова, О.А. Султаньяев, Т. Жанұзақов сияқты ғалымдар қолдаған әдіс-тәсілдер басшылыққа алдық [8, 14 б.]. Топонимдерді семантикалық тұрғыдан екі үлкен типте қарастыруға болады: адамдардың іс-әрекетіне, тұрмысына және қоғамдық өміріне қатысты атаулар, сондай-ақ жаратылысқа қатысты атаулар бар [8, 9 б.].

Өңір ономастикасына қатысты маңызды зерттеулер жүргізген ғалымдар қатарында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Қуат Табылдыұлы Сапаров, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры, Бекен Сағындықұлы, және Торайғыров университетінің профессоры, Амантай Жетпісұлы Құдабаев бар. Қ.Т. Сапаров Павлодар облысы топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарларын және оның кеңістікте таралу заңдылықтарын талдаған [10, 383 б.]. Сондай-ақ Қайырболат Жәкенұлы Нұрбаев Павлодардың көне атауы - Керекуге қатысты тарихи деректерді зерттеген [7, 245 б.]. Бұл зерттеулер Павлодар облысының жер-су атауларының құрылымын, шығу тегін (этимологиясын) және мағынасын (семантикасын) кешенді талдауға негіз болды.

Ономастикалық атаулар - бұл тек географиялық нұсқаулар емес, сонымен бірге халқымыздың тарихынан, салт-дәстүрінен, таным-түсінігінен хабар беретін этникалық мәдениетіміздің белгісі. Қазақ халқы үшін "Жер-судың аты - тарихтың хаты". Павлодар қаласының топонимикалық кеңістігін зерттеудің басты маңызы - отаршылдық және тоталитарлық дәуірлерде өзгеріске ұшыраған тарихи атауларды жаңғырту және ұлттық сананы нығайту болып табылады.

Павлодар қаласының тарихи атауы - Кереку. Бұл атау халықтың жадында сақталса да, отаршылдық саясат кезінде топонимикада сақталмай қалды [7, 253 б.]. Қалаға 1861 жылы нәресте князь Павелдің құрметіне Павлодар атауы берілді, бұл - отаршылдықтың белгісі [12, 356 б.]. Ғалымдар Кереку атауының түп-төркінін Қимақ дәуірінен (IX-X ғ.ғ.) іздейді [7, 246 б.]. Кереку - тарихи-географиялық ерекшеліктерге байланысты қойылған көне атау. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі Павлодар орнында 1720 жылы әскери бекет салынғанға дейін қазақтардың Керегежар (көне түркіше *Керекужар*) атты қыстауы болған, оны орыстар «*Коряков Яр*» деп бұрмалап атаған. Басқа бір деректерде Павлодардың бұрынғы аты Түзкент болған, себебі бүкіл Алтай, Сібір халқы тұзды осы қаладан тасыған [11, 357 б.].

Павлодар өңірінің жер-су атаулары, негізінен, көне түркі тілінде және қазақ тілінде екені дәлелденген. Атаулардың құрылымы мен мағынасы өлкедегі табиғи және әлеуметтік болмыспен тікелей байланысты.

Павлодар облысының топонимдері жергілікті жердің табиғи ерекшеліктерін сипаттайды.

Рельефтік атаулар (Оронимдер): Рельефтің көтеріңкі формаларын көрсететін индикатор-терминдер кездеседі: *Адыр, Биік, Жар, Қыр, Тау, Төбе, Шоқы* [9, 41 б.]. Мысалы, *Қыраш* оронимнің құрамындағы *қыр* («созылып жатқан биік жер») және кішірейткіш *-аш* жұрнағы қосылып, "шағын, аласа ғана қыр" деген мағына тудырады.

Гидронимдер (Су атаулары): Су объектілерінің атаулары жиі кездеседі, олар көбінесе бірнеше сөздің бірігуі арқылы жасалған. Мысалы, Ақсу, Көксу, Қарасу, Сарысу (судың түсіне байланысты), Ақкөл, Тереккөл, Төбекөл (көлдің сипатына байланысты) [9, 188 б.].

Фитонимдер (Өсімдік атаулары): Өсімдік атаулары аймақтағы топонимдер құрамында өнімді қолданылып, мекендегі өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттайды. Мысалы, *Суқамыс* (*су + қамыс*) екі сөздің бірігуі арқылы жасалып, "судың қамысы" екенін білдіреді. *Шілікті - шілік (жатағантал)* өсімдігінің молдығын көрсетеді [8, 9 б.].

Зоонимдер (Жануар атаулары): Өлкенің топонимиясына төрт түлік мал мен далада тіршілік ететін жан-жануарлар дүниесінің көптігі себепші болған. Мысалы, жылқыға байланысты: *Жылқыбұлақ, Бозбие* қонысы, *Қаражабағылы*; түйеге байланысты: *Түйе өзені, Ақтүйесор көл*; жабайы жануарларға байланысты: *Қасқыр қонысы, Қоянды бұлақ*. Бұл атаулар халықтың шаруашылығы мен табиғатқа деген көзқарасын бейнелейді [9, 197 б.].

Павлодар өңіріндегі жер-су атауларының қалыптасуында аналитикалық тәсіл (сөздерді біріктіру) ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады. Көптеген атаулар екі компонентті біріккен сөздер арқылы жасалған [8, 20 б.].

Зат есім + Зат есім: *Найзақамыс, Ағашорын, Мырзақөл.*

Сын есім + Зат есім: *Ақтүйе, Алатумсық, Жамантұз.*

Сан есім + Зат есім: *Үйсай, Төртқұдық.*

Сондай-ақ синтетикалық (жұрнақ жалғау) тәсілі де жиі қолданылады. Бұл тәсілде *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* сын есім тудырушы жұрнақтары ең өнімді болып саналады, олар белгінің бар екенін немесе молдығын білдіреді. Мысалы: *Айдарлы, Арқарлы, Байқұтты* [8, 14 б.].

Жер-су атауларын талдау көрсеткендей, Павлодар облысында әлі де идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар көптеп кездеседі. Мысалы, Павлодар облысында Ленин атауы 42 рет, Совет атауы 15 рет, Октябрь атауы 24 рет кездеседі [7, 241 б.]. Павлодар ауданында *Красноармейка, Ольгино, Рождественка* сияқты кеңестік және діни көзқарастарға байланысты атаулар бар. Мұндай атауларды тарихи жер-су атауларымен немесе ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен (*Сарыарқа, Бәйтерек, Атамекен, Азаттық*) өзгерту - ұлттық мүдде мен патриотизмді нығайту үшін аса маңызды міндет [9, 232 б.].

Нәтиже

Павлодар қаласының ономастикалық кеңістігін зерттеу нәтижесі көрсеткендей, жер-су атаулары - бұл тек географиялық нұсқаулар емес, сонымен бірге ұлттық тарихтың хаты мен этникалық мәдениеттің белгісі болып табылады. Зерттеудің негізгі міндеті - Павлодар өңірінің топонимдерін сөзжасамдық және семантикалық тұрғыдан талдау, сондай-ақ отаршылдық пен тоталитарлық кезеңдерден қалған идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулардың қазіргі ахуалын анықтау болды.

Зерттеу барысында ономастикалық материалдарды жинақтауда сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдері қолданылды. Топонимдердің семантикасы екі үлкен топқа бөлінеді: адамдардың іс-әрекеті мен тұрмысына қатысты және жаратылысқа (табиғи нысандарға) қатысты атаулар. Талдау нәтижелері Павлодар облысы топонимдерінің қалыптасуында аналитикалық тәсіл (сөз біріктіру) ең өнімді тәсіл екенін дәлелдеді. Мысалы, *Суқамыс* немесе *Ағашорын* сияқты күрделі сөздер екі зат есімнің бірігуі арқылы жасалған. Синтетикалық тәсілде *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары өнімді қолданылып, белгінің барлығын немесе молдығын білдіреді. Мысалы, *Қоянды бұлақ*. Сонымен қатар, *Қыраш* сияқты оронимдер *қыр* сөзіне кішірейткіш жұрнақ жалғану арқылы "шағын, аласа ғана қыр" деген мағына береді. Бұл атаулар Павлодар өңірінің геоэкологиялық астарларымен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Қорытынды

Павлодар өңірінің топонимикалық кеңістігін зерттеу ономастикалық атаулардың тек географиялық функция атқарып қана қоймай, этникалық мәдениетіміздің белгісі және халық тарихының шежіресі екенін дәлелдейді. Жер-су атауларының құрылымында аналитикалық (сөз біріктіру) және синтетикалық (жұрнақ жалғау) тәсілдерінің өнімділігі басым. Бұл атаулар (оронимдер, фитонимдер, зоонимдер) өңірдің табиғи ерекшеліктері мен халықтың шаруашылығын айқын көрсетеді.

Зерттеудің басты назары Павлодардың тарихи атауы - Кереку мен отаршылдық кезеңде нәресте князь Павелдің құрметіне берілген Павлодар атауы арасындағы саяси-идеологиялық қарама-қайшылыққа аударылды. Қазіргі таңда Павлодар облысы бойынша Ленин, Совет, Октябрь сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулардың көптеп кездесуі ономастикалық жұмыстарды қарқынды етуді талап етеді. Мысалы, Качир ауданындағы атаулардың 71%-ы орыс тілінде.

Қорыта айтқанда, ұлттық сананы жаңғыртудың негізі ретінде, ескірген атаулардың орнына тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атауларды (*Сарыарқа, Бәйтерек, Атамекен, Азаттық*) енгізу - мемлекеттік маңызы бар көкейкесті мәселе болып қала береді. Бұл қадам қазақстандық патриотизмнің іргетасын нығайтуға жол ашады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989.
2. Егинбаева А. Е. Топонимика Сарыарки: монография. - Алматы: Эверо, 2025
3. Салқынбай А.Б. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2003.
4. Терминологиялық хабаршы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының бюллетені. № 2 (50). Бас редактор: Ш. Құрманбайұлы. - Астана, 2015.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1966.

6. Шакаман Ы.Б. Күрделі сөздердің сөзжасамдық негізі. // Қаз ҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №5 (77). 2004.
7. «Павлодар облысының тарихи және қазіргі атаулары» / «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» республикалық семинарының қатысушыларына арналған материалдар. - Астана, 2017.
8. Баяндама "Павлодар жер-су атаулары арқылы сөзжасамды оқыту" - Инфоурок.
9. ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ. № 1 (33) 2017.
10. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007.
11. Нұрбаев Қ.Ж. / Павлодарға көне атауы қайтарылуы керек. // <http://abai.kz>
12. Рысберген К.К. Реалии постсоветской действительности в русской ономастической системе Казахстана. // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2017.

## ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯСЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҮЛҒАЛАР

**Нурланұлы А.**

Ғылыми жетекшісі: PhD, Моминова Г.Т.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
edu@abzal-nurlanuly.top  
Астана қаласы.

Тарих - халықтың жады, мемлекеттің рухани тірегі. Ұлы дала өркениетінің сан ғасырлық тарихын ғылыми негізде зерделеу - ұлттық сананы қалыптастырудың басты шарты. Қазақстан аумағындағы ежелгі тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани құндылықтарын зерттеуде археология мен этнография ғылымдарының маңызы зор. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап төл тарихымызды түгендеу барысында біз осы салалардың бастауында тұрған алып тұлғалардың еңбектеріне қайта үңілеміз.

Бүгінгі таңда техникалық мамандықтарда білім алып жатқан жастар үшін де тарих қойнауына үңілу маңызды. Себебі, ата-бабаларымыздың металлургия, құрылыс өнері және әлеуметтік институттарды қалыптастырудағы жетістіктері - қазіргі инженерлік ойдың бастауы деуге болады. Бұл мақалада біз нақты дереккөздерге сүйене отырып, қазақ ғылымының шоқ жұлдыздары – Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Кемел Ақышев және Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасына терең шолу жасаймыз.

Шоқан Уәлихановтың этнографиялық мұрасы және тарихи деректер

Қазақ халқының этнографиясы мен тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуді сөз еткенде, ең алдымен, XIX ғасырдағы ағартушы, ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың есімі ойға оралады. Оның өмір жолы мен қызметінің өзі туған халқының тарихымен тығыз байланысты болды.

Шоқан Уәлихановтың балалық шағы мен ғылымға келу жолы туралы деректер оның ортасының ықпалы зор болғанын көрсетеді. Архив деректеріне сүйенсек, Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиев 1834 жылы Аманқарағай округіне аға сұлтан болып тағайындалған кезде, ол жерде киіз үйлерден басқа ешқандай құрылыс болмаған. Кейіннен, 1835 жылы Аманқарағай округінің орталығы Құсмұрынға көшірілді. Шоқан Уәлихановтың семьясы осы Құсмұрын бекінісіне келіп қоныстанады. Бұл кезеңде Құсмұрын бекінісінің құрылысы, ондағы тұрғын үйлер мен түрлі шаруашылық және әскери ғимараттар жаңадан бой көтеріп жатқан еді [1, 9-10 бб.]. Осындай тарихи оқиғалардың куәсі болуы жас Шоқанның зерек болып өсуіне ықпал етті.

Шоқанның ғылыми көзқарасының қалыптасуына оның алған білімі тікелей әсер етті. 1847 жылы ол Сібір кадет корпусына оқуға түседі. Оқу орнын бітірген соң, Шоқан Уәлиханов қоғамдық-тарихи майданда көріне бастады. Бұл кезең қазақ халқының тарихындағы маңызды кезең, яғни қазақ халқының ұлы орыс халқымен және оның алдыңғы қатарлы демократияшыл мәдениетімен жақындасу дәуірі еді [1, 7 б.].

Шоқан Уәлихановтың ең құнды еңбектерінің бірі - қырғыз халқы (сол кездегі терминология бойынша "қара қырғыздар" немесе "Алатау қырғыздары") туралы жазбалары. Ол 1856 жылы Ыстықкөл аймағына жасаған саяхаты барысында жергілікті халықтың шығу тегін, рулық құрылымын және ауыз әдебиетін зерттеді. Ғалым өз еңбегінде былай деп жазады: «Алатау қырғыздары өздерін жай «қырғыз» деп қана атайды және осы атымен олар бүкіл Орта Азиялық мұсылмандардың баршасына мәлім. Тек қырғыз-қайсақтар ғана кейде оларға: ақ не қара қалпақты (киімдерінің түр-сипатына қарай берілген